

## Хаттамасы № 7

Қатысқандар: Кеңес мүшелері.

Қатыспағандар:-

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

- 1.«Оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастыру-құқықбұзушылықтың алдын-алудың ең басты жолы» ата –аналар мен мұғалімдер арасында дөңгелек үстел.
- 2.Оқушылардың денсаулығын қадағалау жұмыстары.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші және екінші мәселелер бойынша тәрбие ісі-жөніндегі орынбарасы А.Каепов сөз алды.

Оқушылардың сабақтан тыс уақыттарын тиімді ұйымдастыру туралы, оқушыларды үйірмелерге тарту, олардың сынып жетекшілерімен және ата аналары мен үнемі байланыс жасап отыру керектігі де айтылды. Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу, Жалпы оқушыларға құқықтық білім туралы түсіндірме жұмысының жасалғандығын айтып өтті.

Сабақтан тыс уақытты тиімді пайдаланып, кітапханға, орталық кітапханаларға бару, сонымен бірге сабақтан тыс уақыттарын өткізудің тиімді жолдарын түсіндірді.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектептің медбикесі Л.Жумабаева сөз сөйледі. Оқушыларға өздерінің денсаулықтарын күту жолдарын айтып өтті. Қазіргі кезде тұмаудың өршіп тұрған кезінде уақыты ем домын алып, суық тигізіп алмау жолдарына тоқталды.

**Шешім:**

- 1.Оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастырылсын.
- 2.Оқушылардың денсаулығын қадағалау жұмыстары жүргізілсін.

Кеңес хатшысы:  Г.Жақыбаева.